

## №124 баспасөз релизі

### **Дүниежүзілік Банктің «Doing Business» рейтингінің «Кредиттерді алу» және «Инвесторларды қорғау» индикаторлары бойынша ақпарат**

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Үкіметі Мемлекет басшысымен анықталған Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясын іске асыру аясында ұлттық бәсекеге қабілеттілікті арттыру мәселесіне барынша назар аударуда.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 1 қарашадағы № 264-р Өкімімен құрылған Дүниежүзілік экономикалық форумның ғаламдық бәсекеге қабілеттілік және Дүниежүзілік банктің "Doing Business" рейтингтерінде Қазақстанның ұстанымын жақсарту жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобының (бұдан әрі-Жұмыс тобы) аясында белсенді жұмыс жүргізіледі.

Аталған Жұмыс тобы жұмысының аясында **5 сарапшы топ құрылды**, оның құрамына мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері, бизнес құрылымның өкілдері және USAID жобасының сарапшылары енді.

**«Кредиттерді алу»** және **«Инвесторларды қорғау»** деген екі индикатор бойынша Қазақстанның позициясын арттыру мақсатында ұсыныстарды әзірлеу үшін Қаржылық қадағалау агенттігінде Сарапшы тобы құрылды, оның құрамына мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері, сондай-ақ бизнес орта - «Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі, «Атамекен одағы» Қазақстан ұлттық экономикалық палатасы, «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС енді.

**«Инвесторларды қорғау» индикаторы бойынша** Doing Business зерттеу аясында қоғам лауазымды тұлғаларының қоғам активтерін құқыққа қайшы пайдаланған жағдайда, миноритарлық акционерлерді қорғау деңгейі бағаланады.

«Инвесторларды қорғау» индикаторы бойынша 2008 жылғы жағдай бойынша Қазақстан **53** орын алды. Бірінші бестікті Жаңа Зеландия басқаруда, одан кейінгі орынды тиісінше Сингапур, Гонконг, Малайзия және Америка Құрама Штаттары иеленді. Қазақстанмен бір позицияда Австралия, Финляндия, Эстония, Латвия және Турция сияқты елдер тұр. ТМД елдерінен ең жақсы позицияны Қырғызстан (11-ші), Әзірбайджан (18-ші), Грузия (38-ші) алды.

Осы индикатор бойынша жағдайды зерттеген кезде Сарапшы тобы мүшелері директорлардың жауапкершілігі институтын әрі қарай дамыту мақсатында республиканың қолданыстағы заңнамасын әрі қарай жетілдіру қажеттілігі туралы тұжырым жасады.

Акционерлік қоғамның қаржылық есептілігіне мүдделі тараптармен жасалған мәмілелер туралы ақпараттың айқындылығын арттыру мақсатында ағымдағы жылғы бірінші тоқсанда мынадай нормативтік құқықтық актілер қабылдау жоспарлануда:

1) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақша төлемі мен аударымы, қаржы ұйымдарының бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігі және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

2) Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің «Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің «Жария мүдделі ұйымдардың (қаржылық ұйымдарынан басқа) жариялауы үшін жылдық қаржылық есептіліктің тізбесі мен нысандарын бекіту туралы» 2007 жылғы 23 мамырдағы № 184 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығы.

«Мүдделі тараптармен жасалған мәмілелер» деп аталатын қоғамның заңды тұлғаларының қызығушылықтары бар мәмілелерді алдын ала сырттай бағалау (тексеру) туралы ақпаратты ашуға қатысты мәселе әлі шешімін тапқан жоқ.

Қазіргі уақытта, Агенттік осы мәселелерді зерделеу бойынша жұмыстарды белсенді жүргізуде. Оның ішінде, Агенттік Дүниежүзілік Банктің адресіне акционерлердің құқықтарын және мүдделерін қорғауға қатысты қазақстандық заңнаманы егжей-тегжейлі сипаттамасы бар ақпаратты жіберді. Ағымдағы жылғы 3 ақпанда Агенттіктің хатын қарау нәтижелері бойынша Агенттіктің, Дүниежүзілік Банктің және USAID өкілдерінің қатысуымен бейнеконференция өткізілді, оның барысында қазақстандық құқық нормалары және Дүниежүзілік Банктің ұсынымдары арасындағы негізгі айырмашылықтарды түсінуге қол жеткізілді.

«Кредиттерді алу» индикаторы бойынша Doing Business зерттеу аясында қоғамдық және жеке кредиттік тізілімдердегі кредиттік ақпараттың көлемі, сапасы және қол жетімділігі, қамтамасыз етілу және банкроттық бойынша заңнаманың тиімділігін бағалайды.

2008 жылғы жағдай бойынша осы индикатор жөнінде Қазақстан 43 позицияда тұр. Бірінші бестікті Малайзия басқарады, одан кейінгі орындарда Гонконг, ОАР, Америка Құрама Штаттары, Сингапур, Болгария тұр. Бізбен бірге бір позицияда Франция, Испания, Литва, Чех Республикасы сияқты елдер орналасқан. ТМД елдерінен ең жақсы позицияны Азербайжан (12-ші); Қырғызстан, Украина, Армения және Грузия (барлығы 28-ші орында) алып отыр.

Қазақстанда кредиттік ақпараттың көлемі, сапасы және қол жетімділігі бойынша, сондай-ақ ақпаратпен жеке және заңды тұлғаларды қамту бойынша мәселе жақсы шешілген.

Осы индекс бойынша ең жоғарғы бағаның берілуі Қазақстандағы кредиттік бюро және кредиттік тарихты қалыптастыру қызметі халықаралық стандарттарға сәйкес келетіндігін көрсетеді.

Сонымен қатар, Қазақстанның осы позициясын нығайту мақсатында кредиттік ақпаратты алмасу жүйесінің қызмет істеуін әрі қарай жақсарту бойынша бірқатар шараларды қабылдау мақсатқа лайық деп ұсынылады.

Кредиторлардың құқықтарын қорғау мәселелеріне қатысты, осы индекспен бағаланатын мәселелердің басым көпшілігі қазақстандық азаматтық заңнамасымен және «Банкроттық туралы» ҚР Заңымен реттелетіндігін атап өту қажет.

Сонымен қатар, Дүниежүзілік Банктің пікірі бойынша кепілдемесі бар кредиторлардың басымдығын анықтау бойынша банкроттықтың рәсімін жетілдіру қажет. Қазіргі уақытта мүдделі мемлекеттік органдармен осы мәселені талдау және оның экономикалық мақсатқа лайықтылығын қарау жүргізілуде.

Бұдан өзге, Алматыда 2008 жылғы желтоқсанда бірінші кездесу барысында туындаған мәселелерді қосымша талқылау мақсатында ағымдағы жылғы наурызда «Кредиттерді алу» және «Инвесторларды қорғау» индикаторлары бойынша Қазақстан позицияларын арттыру мәселелері бойынша Дүниежүзілік Банктің өкілі Стефка Славовамен кездесу өткізу жоспарлануда.